
Бекітемін:
«Айгөлек» бөбекжай- бақшасының
меңгерушісі : Ж.Т.Утепова
«____» _____ 2022 жыл.


Психологиялық қызметтің жұмыс нәтижелері «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

2022 – 2023 оқу жылы

Мектепалды даярлық топ балаларының шанышқымен сурет салуы.









Нейрожаттығулар
(Құлыншақ" кіші тобы)















« Айгөлек» бөбекжай- бақшасының «Айгөлек» ересек топ балаларына жүргізілген диагностика қорытынды анықтамасы.

Балалар туралы анамнестикалық мәліметтер

2022-2023 оқу жылы

Балабақшада тәрбиеленіп жатқан тәрбиеленушілер саны 25 .
Оның ішінде ер бала саны 13, қыз бала саны 12 тәрбиеленуші тәрбиеленуде.

Балалар туралы балабақша мейірбикесінен мәліметтер алынып жинақталынды. Әр балаға жеке даму карталары ашылып, денсаулығына байланысты мәліметтер толтырылды.

Бала туралы жалпы мәліметтері мен аты-жөні,ұлты, туған күні, жынысы, үйінің мекен-жайы және телефоны жазылады.

Денсаулығына байланысты дәрігерлік есепте тұрған бала жоқ.

Тіл мүкістігі бар бала 3

Солақай -1

Сөйлеудің дамуы жетіліп келе жатқан балалар, өз іс- әрекеттерімен, қимылымен түсіндіре біледі. Балабақшы мейірбикесі балалардың денсаулығын үнемі қадағалап тұрады. Балалардың салмағы, бойы өз жас ерекшеліктеріне сай келеді.Гигиналық талаптарды сақтай отырып, тәрбиеленушілердің денсаулығына жауапкершілікпен қараймыз.

Балабақша психологі: К.У.Айжарикова

"Айгөлек бөбекжай-бақшасына"
жаңадан келген балалардың бейімделу туралы
аналитикалық анықтама

2022 жылы қыркүйек айында балабақшаға 25 бала қабылданды.
* Балалардың балалабақшаға бейімделуі бақылауға алынды.
* А.С.Роньжинаның әдісі бойынша жеке диагностика өткізілді.
Бақылау кезінде баланың психикалық денсаулығының келесі көрсеткіштері ескерілді:
- эмоционалдық жағдайы;
- ересектермен және балалармен әлеуметтік байланыстар;
- танымдық және ойын әрекеті;

Балалардың балабақшаға бейімделуінін диагностика нәтижесі:

Айы	Бала саны	Бейімделу формалары				
		Жеңіл		Орташа		Ауыр
қыркүйек	25	22	88%	3	12%	-

Осылайша:

22 баланың бейімделуі жеңіл түрде өтті. 5-6 күнде ұйқылары қалыпқа келіп, жақсы тамақтана бастады. Көңіл-күйлері жайдары, көтеріңкі болып бақшаға келеді. Қоршаған ортаға қызығушылығы,сөйлеу және танымдық белсенділіктері қалпына келді.

3 балада бейімделу процесі орташа дәрежесінде өтті: оларда психикалық күйзеліс белгілері байқалды: қорқыныш, қыңырлық, көз жасы. 3-4 апта аралығында балалардың мінез-құлқы жақсарды.

Бейімделудің ауыр түрі бар балалар жоқ.

Жалпы балалардың эмоционалды күйі жақсы, ересектермен және балалармен әлеуметтік байланыстары байқалады, танымдық және ойын әрекетіне белсенділік танытады.

Бейімделудің барлық кезеңінде педагог психолог «Мектепке дейінгі мекемеге бейімделу кезеңінде 2-4 жастағы балаларға арналған психолог сабақтары» атты Роньжина А.С. бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізілді.

Әр бір балаға жеке көмек көсетілді. Топтардың тәрбиешілеріне балабақшаға бейімделу үдерісін жеңілдету бойынша ұсыныстар, жеке кеңес берілді.

Баланың балабақшаға сәтті бейімделуіне көмектесу мақсатында педагог-психолог ата-аналарға «Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?» , «Балаңыздың балабақшаға бейімделуі сіз үшін қалай өтті?» атты сауалнамалар жүргізді. Ата-аналар жиналысына «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес дайындалды.

Осылайша, бірлескен әрекеттердің арқасында жаңадан келген балалардың бейімделуі сәтті өтті.

Анықтаманы дайындаған балабақша психологі: Айжарикова К.У

« Айгөлек» бөбекжай- бақшасының
Бала бақшадағы өзгерістерге балалардың бейімделуі

Анықтама

07.09.22 ж Рысбай Дамир "Айгөлек" бөбекжай -бақшасына қабылданды.Баланың бейімделуі қалыпты өтті. Баланың бейімделуіне сырттай бақылай отырып, қолайлы жағдайлар жасалынды.

Ұсыныс:
Балаға: Бала ойыншықтарды ойнағанда жеке өзі ойнағанды жақсы көреді.
- Ұйқысы келіп ,ойын кезінде қалғып кетеді.

Тәрбиеші:
Баланың ортаға тез бейімделуіне қолдау көрсете отырып, топтағы балалармен достасып кетуіне жағдай жасаса;
-Баланың көңіл-күйін бақылай отырып, қызығушылығын арттыратын жағдайлар жасаса;
- Қызықты ойындар, мультфильдер көрсету;

Психолог:Баланы ортаға қабылдай отырып, оның бейімделуіне жағдай жасау;
Баланы сыртай бақылау арқылы қарым-қатынасын бақылау.
Ата-анаға, тәрбиешілерге кеңестер беру;

Ата-ана
Баласының ойнап тұруына қолайлы киімді қарастырса.
-Баланың бейімдеуіне байланысты жағдай жасаса.-
- Тәрбиешілермен байланыста болып, кеңестеріне жүгінсе;

Балабақша психологі: К.У.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Диагностика қорытындысы бойынша

Хаттама №1

Диагностиканың атауы: **Экспресс-диагностика Павлова Н.Н,Руденко Л.Г /авторы**

Уақыты 21.09.2022 ж. Тобы «Айгөлек» (мектепалды даярлық топ)

Аты-жөні : Жалғас Ұлықпан

Туған күні,айы,жылы 20.10.2017 ж Жасы 5

Әңгімелесуге арналған сұрақтар

1. Сенің есімін кім? Ұлықпан
2. Сен кіммен бірге тұрасың? Папам мен мамам,қарындасым
3. Ананның есімі кім? Жұлдыз
4. Әкеннің есімі кім? Алмат

субтесттер	хаттама	бағалау	ескерту
1.«Баспалдақ» (өзін-өзі бағалау)	Бала-жоғары Тәрбиеші-төмен Әкесі-жоғары Анасы -орта	қалыпты	Бала бесінші сатыға қоюды ойлады.
2. «Күлімсіреу» (қоршаған әлем туралы)	Бала бірден жауап бермеді ,психологтің көмегімен (1-2) жерді тапты.	1 ұпай	Суретке үнсіз қарады. Жауап бере алмады.
3. Жыл мезгілдері (жыл мезгілдері идеялардың қалыптасу деңгейі)	Жылдың қыс мезгілі қызық емес, ұнамайды	2 ұпай	Жал мезгілін ретімен айта алмады. байланыстыра алмады
4. «Бірдей суретті табыңыз» (зейіннің тұрақтылығы)	Суреттегі бірдей ұқсастықты таба білді.	2 ұпай	Зейіннің тұрақтылығы жоғары
5. « 10 зат» (жад)	Бала 7 суретті жаттап алған.	2 ұпай	Белгілі уақыт аралығында еске түсіру.
6. «Отбасын тап» (ойлау)	Бала суреттерді бір топқа біріктіре білді	2 ұпай	Суретті топтастыру барысында кідіріс болды.
7. «Бірдей суретті табыңыз» (сәйкестігін, ұқсастығын және айырмашылығын анықтау)	Сәйкестігін,ұқсастығын айырмашылығын дұрыс таба білді.	2 ұпай	Бала тапсырманы дұрыс орындады.
8. «Суретке үй тап» (көрнекі-бейнелі ойлау)	Бала тапсырманы психологтың көмегімен орындады және барлық жалпылама сөздерді атамады.	1 ұпай	Психологтың көмегімен орындады.
9. «Бұл не сияқты?» (қиялын дамыту)	Бала тапсырманы түсінбеді тек әр суретке біреуін айтты.	1 ұпай 13.	Суреттегі бірлестіктерді айта алмады.

Ұсынымдар:

Баланың танымдық деңгейін дамыту;

Ата-ана: Баланың қоршаған орта туралы түсініктерін,танымдық деңгейін дамыту мақсатында баламен жұмыстану;

Тәрбиешіге: Дидактикалық әдістемелер арқылы,баланың қиялын дамыту;

- **Психолог**: Баламен жеке жұмыстану;

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Диагностика қорытындысы бойынша

Хаттама №1

Диагностиканың атауы: **Экспресс-диагностика Павлова Н.Н,Руденко Л.Г /авторы**

Уақыты 21.09.2022 ж.

Тобы «Айгөлек» (мектепалды даярлық топ)

Аты-жөні : Құсайын Нұрайым

Туған күні,айы,жылы 16.02.2017 ж Жасы 5

Әңгімелесуге арналған сұрақтар

1. Сенің есімін кім? Нұрайым
2. Сен кіммен бірге тұрасың? Папам, мамам,ағам,апам,тәтем.
3. Ананның есімі кім? Салтанат
4. Әкеннің есімі кім? Болатбек

субтесттер	хаттама	бағалау	ескерту
1.«Баспалдақ» (өзін-өзі бағалау)	Бала-төмен Тәрбиеші-орта Әкесі-жоғары Анасы -орта	төмен	Бала жоғары сатыға қоюды ойлады.
2. «Күлімсіреу» (қоршаған әлем туралы)	Бала бірден жауап бермеді ,тапсырманы 5-6 жағдайда дұрыс орындады.	2 ұпай	Суретке үнсіз қарады. Жауап бере алмады.
3. Жыл мезгілдері (жыл мезгілдері идеялардың қалыптасу деңгейі)	Бала тапсырманы түсінеді,бірақ оны тек екі мезгіл деп атайды.	1ұпай	Жал мезгілін ретімен айта алмады. Жыл мезгілдерін байланыстыра алмады
4. «Бірдей суретті табыңыз» (зейіннің тұрақтылығы)	Суреттегі бірдей ұқсастықты таба білді.	2 ұпай	Зейіннің тұрақтылығы жоғары
5. « 10 зат» (жад)	Бала 7 суретті жаттап алған.	2 ұпай	Белгілі уақыт аралығында еске түсіру.
6. «Отбасын тап» (ойлау)	Бала суреттерді бір топқа біріктіре білді	2 ұпай	Суретті топтастыру барысында кідіріс болды.
7. «Бірдей суретті табыңыз» (сәйкестігін, ұқсастығын және айырмашылығын анықтау)	Сәйкестігін,ұқсастығын айырмашылығын дұрыс таба білді.	2 ұпай	Бала тапсырманы дұрыс орындады.
8. «Суретке үй тап» (көрнекі-бейнелі ойлау)	Бала суреттегі дұрыс топтастырады және жалпылама сөзді өз бетінше таңдайды.	2 ұпай	Психологтың көмегімен орындады.
9. «Бұл не сияқты?» (қиялын дамыту)	Бала тапсырманы түсінбеді тек әр суретке біреуін айтты.	2 ұпай	Суреттегі бірлестіктерді айта алмады.

Ұсынымдар:

Баланың танымдық деңгейін дамыту;

Ата-ана: Баланың қоршаған орта туралы түсініктерін,танымдық деңгейін дамыту мақсатында баламен жұмыстану;

Тәрбиешіге: Дидактикалық әдістемелер арқылы,баланың қиялын дамыту;

- **Психолог**: Баламен жеке жұмыстану;
- Жалпылау қабілетін ,танымдық деңгейлерін дамытуда -коррекциялық –дамыту жұмыстарын жүргізу.

15.09.2022

Диагностика қорытындысы бойынша

Хаттама № 2

Руденко Л.Г., Павлованың Н.Н. «Балабақшадағы жедел диагностикасы»

Мақсаты: Мектепке дейінгі балалардың психикалық процестерінің дамуын жас ерекшелігі бойынша анықтау.

Жүргізілген уақыты: қыркүйек айы

Тобы: «Айгөлек»

Қатысқан тәрбиеленуші: 10

Қатыспаған тәрбиеленуші саны: - себебі:

№	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1	Амангелді Сұлтан-Әли	+		
2	Айдархан Роза			+
3	Алтыбаев Арлан		+	
4	Егімбай Санжар		+	
5	Жалғас Ұлықпан		+	
6	Нағметолла Данияр		+	
7	Құспан Айзере	+		
8	Құсайын Нұрайым	+		
9	Жұмақұлов Еркебұлан			+
10	Нұрғалиева Раяна			+
		3	4	3

Диагностика қорытындысы, интерпретациясы

Диагностика әр балаламен жеке өткізілді. Диагностиканың қорытындысы бойынша «Айгөлек» тобында психологиялық процесінін дамуы: жоғары деңгейде - 30 %, орташа деңгейде – 40 %, төмен деңгейде – 30 %.

Ескерту (Ерекше назарды талап ететін **ТӘРБИЕЛЕНУШІНІҢ** аты-жөні мен көрсеткішіне сипаттама беру)

, Жұмақұлов Еркебұлан, Нұрғалиева Раяна– мінездері тұйық, жасқаншақ, есте сақтау, зейінділіктері, қиялдары өте төмен.

Құсайын Нұрайлым, Амангелді Сұлтан-Әли, Құспан Айзере, Жалғас Ұлықпан , Егімбай Санжар жалпы көңіл күйлері жақсы, топта белсенді, психологиялық процестері төмен деңгейде, кейбір дыбыстары анық емес.

Айдархан Райхан , Нағметолла Данияр, Алтыбаев Арлан жалпы хабардарлық қиялы, ойлау қабілеттері төмен.

Ұсыныстар:

Педагог-психологқа (келесі қадамдар алгоритмін атап өту)

Көрсеткіші төмен деңгейдегі балалармен дамытушы ойындар ұйымдастыру. Тәрбиеші, ата-аналарға көмек, кеңес беру

Топ тәрбиешілеріне: Төмен деңгей көрсеткіші бар балалармен жеке жұмыс жүргізу.

Педагогтерге: Логопед маманына дұрыс сөйлемейтін, дыбыстарды айта алмайтын балалармен жұмыстану

Ата-анаға: «Отбасылық үстел ойындары», «Есте сақтау қабілетін дамыту жолдары» т.б. жеке кеңес

Балалабақша психологі: К.У.Айжарикова





Балалардың қызыға орындайтын тапсырмалары






Керн-Йерасик тесті

(мектепалды даярлық топ)

1. Оқушының аты- жөні Ұлық пан
2. Күні 14.10.22
3. Сыныбы / тобы Ақ көлек
4. Жасы 5

№1 тапсырма. «Ер адам бейнесін салу»



2.

№2 тапсырма. Жазумен жазылған сөз тізбегі:

А Б О Г К Е Н

Ұлық Б О Г К

4

№3 тапсырма. «Нүктелер тобын көшіріп орналастыру»

• • •

• • •

• • •

5


11

Керн-Йерасик тесті

(мектепалды даярлық топ)

1. Оқушының аты- жөні Сұлтан
2. Күні 14. 10. 22. "
3. Сыныбы / тобы "Бүлдіршін"
4. Жасы 5

№1 тапсырма. «Ер адам бейнесін салу»



3

№2 тапсырма. Жазумен жазылған сөз тізбегі:

А Б О Г К Е Н

4

№3 тапсырма. «Нүктелер тобын көшіріп орналастыру»

4

«Айгөлек» бөбекжай бақшасы

Диагностика қорытындысы бойынша
Хаттама №

Диагностиканың атауы : «Екі үй» социометриялық әдістемесі (Т.Д.Марцинковская) **/авторы/**
Мақсаты: Балалардың тұлғааралық қатынастарын бағалауын анықтау.
Жүргізілген уақыты: 07.12.22.
Тобы: «Айгөлек»
Қатысқан тәрбиеленуші: Егімбай Санжар
Диагностика
Қорытындысы,интерпретациясы

Тестің жүргізілуі: Суретті сала отырып балаға қызыл үйде әр түрлі ойыншықтар, тәтті тағамдар бар, ал қара үйде ештеңе жоқ деп әңгімелейді. Нұсқаудан кейін бала қанша баланы қызыл үйге кіргізгенін, қаншасын қара үйге кіргізгісі келетінінің санын жазып отыру қажет. Әңгіменің соңында балаға: "Екі үйдегі адамдардың кейбіреуінің орнын ауыстырғың келе ме? Болмаса ешкімді ұмытпадың ба?"- деген сұрақтар қойылады.	Бұл тестіге алынған қорытынды былай: Баланың ішкі сезімі мен ілтипаты өзінің құрбы-құрдастарын қызыл және қара үйге орналастыруында. Бала топтағы Арланды,Ұлықпанды, Нұрайды, Даниярды Сұлтанды,Раянаны,Айзерені **қызыл** үйге кіргізгенді қалады. Ал **қара** үйге Розаны орналастырды.
Қорытынды	Баланың топтағы құрбыларымен қарым-қатынасы арқылы оқшауланған бала Айдархан Роза
Қызыл үйге сыймаған қонақтарды осы үйге кіргізуге болады. Өзіңнің отбасы мүшелерінің қайсысын өзіңмен бірге орналастырғың келеді, ал қайсысын жанындағы қара үйге орналастырғанды қалайсың?"	Баланың ойланып асықпай жауап беруі - бұл отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасында эмоционалды салқындықты, байқатады. Бала отбасы мүшелерін ретретімен анасын өзін, қарындасын ,апасын қызыл үйге орналастырды.
Қорытынды	Үйдің қасындағы қара үйге ағасын, әкесін орналастырды. Бала үйге көршісін де кіргізгенді қалады. Бұдан баланың толыққанды дамуына қажетті жылулық жетіспейтіндігі анықталынды

Қорытынды: Зерттеу нәтижелері бойынша баланың бойынан тұлғааралық қатынастарды бағалау деңгейі анықталынды. Ал бөбекжайда жүргізілген тестер негізінде бір баланың шеттелінгендігін аңғардық. Зерттеу жұмысымыздың келесі параграфында бұл таңдалған баланың оқшаулану себебін анықтауға тырысам.

Ұсыныс:
Бала өзіне деген сенімділікті қалыптастыру:
Достарына, отбасы мүшелеріне деген көзқарасын жақсарту;

Ата-ана: Баласының ерекшеліктеріне көңіл бөліп, жағымды қарым –қатынасты қалыптастыру;
- Баланы жақсы көретінін сөзбен де, іспен де көрсету.
Тәрбиешілер: Баланы ортамен жақсы араласуына жағдай жасаса;

- Жағымды қарым-қатынас орната отырып, қоршаған ортамен байланысты нығайтуға көмектесу.

Психологке: Баламен жеке түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу
Баланы өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу;

Психолог: К.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы

Диагностика қорытындысы бойынша

Хаттама №4

Диагностиканың атауы: Керн- Йрассик тестісі **/авторы**

Мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілерін мектепке психологиялық дайындығын зерттеу

Тобы:«Айгөлек»

Мақсаты: Адами қарым-қатынас жасай білуге, мектеп оқушысы ролін орындау қабілетін дамыту.

Жүргізілген уақыты:14.10.2022 ж.

Қатысқаны: 8 (қатыспаған білім алушы саны: ___ себебі)

Әдістеме барысында :



Керн- Йирасек тестісі бойынша мектептік жетілгендікті анықтау. Тест «ер адамның суретін салу» белгілі бір кеңістік жағдайында нүктелерді көшіріп салу,үшіншісі – жазумен жазылған сөз тізбегін жазу.

р/с	Тәрбиеленушілердің аты-жөні	Диагностикалық тапсырманы орындау нәтижесі				қорытынды
		Ер адам	Нүкте қатары	сөз тізбегі	Жалпы балл	
1.	Амангелді Сұлтан	3	4	4	11 балл	орташа
2.	Алтыбаев Арлан	3	4	2	9 балл	орташа
3.	Айдархан Роза	3	4	5	12 балл	орташа
4.	Егімбай Санжар	5	4	4	13 балл	төмен
5.	Жалғас Ұлықпан	2	5	4	11 балл	орташа
6.	Құспан Айзере	1	1	1	3 балл	жоғары
7.	Құсайын Нұрайым	1	1	1	3 балл	жоғары
8.	Нағметолла Данияр	3	2	2	7 балл	орташа

Анықталғаны : Зерттелінушілердің жас ерекшеліктеріне назар аудара отырып, үш тапсырманы да жақсы орындаған -2 бала, «жоғары» көрсеткіш көрсеткен балалар екеу, берілген «орташа» көрсеткіш көрсеткен балалар 5 бала анықталды. Тереңірек зерттеуді қажет ететін 1 бала тапсырманы орындау барысында салғанын өшірген, ал берілген үш тапсырманы да толық орындауды назар аударуды қажет етеді, үнемі бақылауда болғаны жөн. Жоғарыдағы анықтамаларға сай төмендегідей ұсыныстар жасаймын:

- . Тереңірек зерттеуді қажет ететін балалармен жұмыстану;
- Оқушылар қиялын ертегілермен байыта отырып, елестетіп бейнелей білуге үйрету;



Мектеп психологы: **К.У.Айжарикова**

Балалар бір-біріне жақсылық тілеп қуантты.





Балалармен түзету –дамыту жұмыстары







Ермексазбен жұмыс жасаған балаларға ұнайды











«Жұлдыз» тобы
Суретті сәйкестендіре біл!











Балалар тренингке қызығушылықпен қатысады.





«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама№

Мектепалды даярлық топ балаларына арналған психологиялық тренингтер.
Тақырыбы: Балалардың коммуникативтік дағдыларымен құзыреттілігін дамытуға арналған тренингтер.
Мақсаты: эмоциалық жағдайды жақсарту .
Жүргізілген уақыты: 26.01.2023 ж.
Топ: "Айгөлек"
Қатысқаны: 8
Қажетті құралдар: ақ параққа күннің, бұлттың, жаңбырдың, жасыл шөптер бейнеленген парақ қағазы, ватман, түсті және ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қаламдар т.б.
Тренингтің барысы:
«Тау қалпақ»
Мақсат- эмоциалық жағдайды жақсарту

Балалар бір біріне қол созымдай ара қашықтықта дөңгеленіп отырады.Тренер басында бас киімі жоқ балалар мен қатар отырып «Тауқалпақ, тауқалпақ» деп оң жағындағы баланың басына кигізеді, ол бала –да сол сөзді қайталап келесі көршісіне бас киімді кигізеді.Бір кезде тренер басына алақандарын айқастырып қойып, көзін жұмып « телпек , телпек» дейді. Әр бала «Тау қалпақты» өз басында қалдырмауға тырысады. Ал «Тау қалпақ» басында қалған бала сұраққа жауап береді:

- «Қалпақ басыңа кигізілгенде не ойладың?»
- «Қалпақты басқа балаға кигізгенде өзің не ойладың?»

Тренинг №2
Мақсат- бір бірін түсінуге, қарсы жауап таба алуға бейімдеу
Тренер алдын ала бір баланы дайындайды, ол алып келген ойыншығын кім сұраса-да әр түрлі себептерді айтып, бермеуге тырысу керек.
Мысал: Айжан балабақшаға ең әдемі құыршағын әкелді, кәне кім Айжаннан құыршағын сұрап алып ойнайды?
Қорытынды: 1.қарым-қатнас құралы – сөз, ым.- ішара, жақындау, дауыс ырғағы
2. күш.көрсету, қысым жасау
3.келісу - жоғарыдан қарау, немесе төмен қарау әдісімен

Психолог: К.Айжарикова

«Айголек» бөбекжай-бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама№

Түзету-дамыту сабақтары балаларды мектепке оқытуға дайындау бойынша
Тақырыбы: : Есіңде сақтай біл (жады диагностикасы)
Мақсат : Топта достық қарым – қатынасты қалыптастыру, балаларды қол – қимыл, мимикамен, эмоция түсінігімен таныстыруды жалғастыру .
Топ: Мектепалды даярлық тобы
Жүргізілген уақыты: 17.01.2023 ж.
Қатысқаны: 8 (қатыспаған 0)
Жоспар: 1. «Сүйкімді жануар» сабақты бастау рәсімі.
2. Кел, амандасайық!
3. «Толқын толқиды» ойыны
4. Мүсін мен мүсіндеуші
5. «Ине жіп» ойыны
6. «Шалтай – балтай» ойыны

1. Сабақты бастау рәсімі «Сүйкімді жануар»
2. Кел, амандасайық!
- Балалар, күнделікті біз бір-бірімізбен қалай амандасамыз? Қане кім айтады? (балалар амандасу түрлерін айтады).
- Өте жақсы! Ал енді, мен сендерге амандасудың басқа да түрлерін үйретейін, біздің ғана балабақшамызда амандасуға болады. Сендер қол алып амандасуды білесіңдер, мен бір рет шапалақтағанымда барлығың бір-біріңмен қол алып амандасыңдар, ал мен екі рет шапалақтағанда иықтарыңмен амандасыңдар, ал үш рет шапалақтағанымда арқаларыңды бір-біріңнің арқаларыңа тигізіп амандасыңдар, жарайды ма? Осылайша біз ерекше амандасып үйренеміз.

3. «Толқын толқиды» ойыны
Балалар толқынды салып залда жүгіріп жүреді.
- Толқын толқиды бір, толқын толқиды екі, толқын толқиды үш – толқын жануары тыныш!
«Тыныш» деген сөзді ести сала балалар қатып қалу керек.
Психолог «толқын жануарларын» қарап, әдемі және ерекше ешкімге ұқсамайтын бейнелерді мақтайды.

4. Мүсін мен мүсіндеуші
Психолог балаларды екі жұпқа бөледі. Жұптың ішіндегі біреуі мүсін, біреуі мүсіндеуші болады. Мүсін жұмсақ болу керек, мүсіндеуші мүсінді бейнелейді. Болғаннан кейін «мүсін» мен «мүсіндеуші» рөльдерімен алмасады.

5. «Ине жіп» ойыны
Балалар қатарға тұрады. Бір бала – «ине» болады, ал қалған балалар «жіп» болады. Иненің кейіпінде болып жүрген бала залда жүгіріп жүреді, ал «жіп» болып жүрген балалар артынан қалмай жүгіру керек.
Ине үзілген жағдайда ойын қайтадан басталады.

6. «Шалтай – балтай» ойыны
Балалар қолдарын бос ұстап, шеңбер құрып тұрады.
- Шалтай – балтай талда отырды,
Шалтай – балтай құлап түсті, - деп
Денесімен оңға – солға бұрылып тұрып, «құлап түсті» деген сөзден кейін құлап түседі.


7. Рефлексия
Психолог: К.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама №

Ойын-жаттығулары мектепалды даярлық тобы
Тақырыбы: Сенсорлы дидактикалық ойындар
Мақсаты.:Балалардың сенсорлық тәрбиесін дидактикалық ойын арқылы қалыптастыру.

Жүргізілген уақыты: 20.01.2023 ж.
Топ: «Айгөлек»
Қатысқаны: 8 (қатыспаған 0)
Қажетті құралдар: сенсорикалық дидактикалық материалдар

Мектепке дейінгі педагогикада әсіресе сәбилік жаста ерекше назар аударатын тәрбие түрі –сенсорлық тәрбие.Сенсорлық тәрбие әр-түрлі:ақыл-ой, эстетикаклық, патриоттық, дене,адамгершілік т.б.тәрбие түрлерімен қатар жеке тұлғананың дамуына негіз болады.Соған байланысты сенсорлық тәрбиені осы жастағы балаларға берілетін тәрбиенің құрамды бір бөлігі деп айтуға боладыӨз тобымда мынандай ойындарға арналған ойыншықтарды пайдаланамын: конструктор, кубиктар, мозайки, пазлы, қысқырғыштар,баулар,матрешкалар, сайқымазақтар, қағаздан жасалған әр түсті жалаулар, жолақтар,қуыршақтар.



Конструкторлар әр түрлі болады:ұсақ және ірі.Кішкентай балалар басында тек қана бір-бірінен ажырата білді,енді өздері құрастырады:мысалы ұшақ,қабырға, және ойындарын жалғастырып ойнайды.
Мозайка ойынында балалар алып салғанды жақсы көреді.Тәрбиешінің көмегімен жеңіл суретті құрастырады. Мысалы:Тәрбиеші күнді орналастырса,ал бала шуағын жалғастырады.
Осы ойындар біріншіден баланың ұсақ қол моторикасын дамытады, ойлау және шығармашылық қабілетін қалыптастырады.
Пазлы жұмсақ-қатты,үлкен-кіші болады.
Пазлы ойыннын ыңғайлы, ұстайтыны болады. Бала оның көлеміне қарап, орының табады және суретте не екенің айтады. Пазлы ойындары баланы шыдамдылыққа,байқағыштыққа, ұқыптылыққа үйретеді және ойлау мен ұсақ қол моторикасын дамытады.
Құрастыру ойыншықтармен ойналатын ойындар
Дидактикалық міндеті.Құрастыру ойындары арқылы заттың көлемі туралы балаларда нақты түсінік пайда болады.Бұл ойыншықтар балаларға едәуір қиыншылықтарды туғызады.Жақсы қорытынды шығару үшін ойында әрбір бөлшекті дұрыс пайдалана білу керек .Осындай тәсілдермен ұсынылған тапсырманы орындауда балалар ойыншықтардың көлемін дұрыс ажырата білуді меңгереді.Балалардың саусақ моторикасы дамытады

Түстерді анықтауға қыстырғыштармен ойындар арналған.

Мысалы: Күн қандай түсті болады? Шуағын қыстырғышпен көрсет.т.б.Кірпінің инелерін орналастыр

Психолог: К.Айжарикова

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама №

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар (ой өрбіту ойындары)
Мақсаты: Берілген тапсырмаларды ойлана отырып орындату. Топпен, жұп болып және жеке-дара жұмыс істеу қабілеттерін арттыру
Жүргізілген уақыты: 26 .01.2023 ж.
Қатысқан топ: "Айгөлек" тобы мектепалды даярлық топ
Қатысқаны: 8

I. Ми гимнастикасын жасау "Жалқау сегіздіктер"

II. № 1 тапсырма: Суретті мұқият қара. Мүлдем ұқсамайтын суретті тап.
Жауабы: екінші сурет

2 тапсырма: Суреттегі фигуралардың орналасуын есіңде сақта. Келесі бетке олардың суретін сал.

№ 3 тапсырма: Қарындашты үзбей, бір сызықты екі рет жүргізбей, құстың суретін сал.

Жауабы: Бастапқы нүкте құстың қанаты.

III. Сергіту сәті: Ән ырғағына ілесіп қимыл жасау.

Психолог: К.Айжарикова

« Айгөлек бөбекжай-бақшасы»

Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама №

Тақырыбы: «Сиқырлы айна»
Мақсаты: : қабылдау (ұғыну) тұтастығын анықтау.
Әдісі: ертегі терапия
Жүргізілген уақыты: 20.04.2022 ж.
Топ: ересек топ
Қатысқаны: 6 (қатыспаған 0)
Бастаушы: Бұл жерде ешкім жоқ екен ғой. Міне қызық, мерекенің басталатын уақыты да болып қалды. Балалар қайда екен? Ой мына жерге біреу хат тығып қойған сияқты. Кәне оқып көрейін (хатты оқиды.) Ал,сиқырлы айнажан
Ғажайып айнажан,
Айта қойшы сен маған ,
Ән мен жырға тоймайтын,
Балалар,біздің қайда екен?
Айна: Әрине, әрине. Ырақ та, алдыменен қошемет керек, содан соң балалар тап осы залда болады.
Міне, керемет. Рахмет саған айнажан. Ендеше канекей, балаларды қарсы алайық.
Тренинг. Көңіл-күйімізді жаттықтыру.
Көрші жаттығуы:
Мақсаты: Әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір - біріне жылулық сыйлау.
Нұсқаулық: Көршіңді оң жақтан құшақта,
Көршіңді сол жақтан құшақта
Оң жақтағы көршіңе бір жымиып,
Сол жақтағы көршіңе бір жымиып
Оң жақтағы көршіңе оң көзіңді,
Сол жақтағы көршіңе сол көзіңді қысып, біз үлкен ұжымбыз деп барлығымыз дауыстайық.
Келесі жаттығуға көшеміз, Бүгін мен сіздерді актер болуға үйретемін. Мен сендерге нені көрсетіңдер десем, соны бет - әлпеттеріңмен бейнелейсіздер.
Айна жаттығуы.
Қазір біз бірнеше қарапайым әрекеттерді орындап көреміз. Ал, енді тапсырманы тыңдаймыз. Тапсырманың саны төртеу. Олар төмендегідей:
Түймені тағамыз;
Жолға жиналамыз;
Нан пісіреміз;
Циркте қойылым көрсетеміз.
Әрбір тапсырма жұптаса орындалуы тиіс, яғни жұптағы адамдардың біреуі аталған тапсырмалардың біреуін жасаса, екінші адам оны айнадағыдай көрсетуі тиіс. Кейін жұптағы ойыншылар бір - бірімен алмасады. Бірақ алдымен жұптасайық. Жұптар дайын тапсырманы орындай бастайық. Қалғанымыз көрермен ретінде екеуінің әрекеттерін қадағалап, серігінің әрекетін қайталаған адамға әртістігі үшін баға қоямыз. Топ әртістерді бес ұпайлық жүйе бойынша бағалайды. Кейін барлық ұпайлар қосылып, кімнің әрекеттерді неғұрлым сәтті орындағаны анықталады.

Мектеп психологы: К.У.Айжарикова

"Айгөлек бөбекжай-бақшасы"
Психологтың жұмысының
Хаттамасы

Бағыты: кеңес беру
Қатысушы: Рысбай Әміренің анасы Исмурзина М.Х.
Сұраныс беруші; тәрбиешілер
Күні: 10.01.2023 жыл
Барысы: "Күншуақ" тобының тәрбиеленушісі Рысбай Әміренің анасын жеке кеңеске шақырылды. Баланың жас ерекшелігіне сай өз қатарластарынан төмен екендігі байқалады. Әміре сөйлемейді тек бер , әкел, ойнаймын деген бір сөзбен шектеледі. Таным процестері төмен деңгейде. Ойын әрекетіне қатысады, өз бетімен де ойнай береді. Дамыту ортаның тапсырмаларын берілген кезде орындай алмайды, жұмыс әрекеті сол қол. Бала көп жағдайда белсенділік танытпайды.Өз жасына сай тапсырмаларды орындауда жәй ,тәрбиешінің көмегімен ,жетелеуімен ғана орындайлы.

Нәтижесі: Анасының айтуы бойынша бала жәй қабылдайтынын , қимыл - қозғалысы үйде шапшан,бірақ сыртта аңғарамын балам жәй, сылбыр . Баланың қызығушылығы көп жағдайда байқалмай қалады. Баланың негізінен сөйлеу тілі жәй шыққанына байланысты болар деп анасы ой қосты. Балабақшада баламен жұмыстануды тәрбиешілерден сұрады.

Ұсыныс: Баламен жеке жұмыстана отырып қызығушылығын ояту мақсатында тренинг өткізу. Сонымен қатар топтық ойынға ,оқу әрекетіне белсене қатысуға жағдай жасап ,баланы дамыту.

Психолог : К.У.Айжарикова

« Айголек бөбекжай-бақшасы»

Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама №

Тақырыбы: «Сипаттамасы бойынша тап»
Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту
Әдісі: ертегі терапия
Жүргізілген уақыты: 10.05.2022 ж.
Топ: ересек топ
Қатысқаны: 6 (қатыспаған 0)
Көрнекілік: Топтағы жануарлар бейнелейтін ойыншықтар.
Ойынның мазмұны: Сөреге аю, қоян, қасқыр, түлкі т.с.с 5-6 ойыншықтар қояды. Әрбір ойыншықтарды анықтап қарап, атын қайталайды. Балалардың біреуін бөлмеден шығарып, ойыншықтар туралы жұмбақтар құрастырады, мысалы: «Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық-бұл қай аң?

Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақ дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады.

«Дәл осындай пішінді тап»

Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.

Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну.

Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту.

Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.

«Біреу және көп» дидактикалық ойыны

Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Психолог балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.

Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді.

Мектеп психологы: К.У.Айжарикова

« Айгөлек бөбекжай-бақшасы»

Түзету-дамыту жұмысы бойынша
Хаттама №

Тақырыбы: «Ортақ қасиетті тап»
Мақсаты: Балаларды әр түрлі пішіндерді, түстерді, ажыратуға үйрету. Көру, есту сақтау қабілеттерін, аңғарымпаздығын дамыту. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Әдісі: сұрақ – жауап, көрсету, ойын, жеке жұмыс.
Жүргізілген уақыты: 10.05.2022 ж.
Топ: ересек топ
Қатысқаны: 6 (қатыспаған 0)
Көрнекілік: Пішіндер, құлып және кілт суреттері.
Барысы: Ұйымдастыру бөлімі.
Ойын: «Жұбын тап»
Мақсаты:заттардың арасындағы байланысын таба білуге үйрету.

- Психолог балаларға бірнеше заттың бейнесі бар суреттерді береді. Оларды мұқият қарап,екі-екіден жұптастырып қарындашпен сызып көрсетуін өтінеді.

Ойын: «Есіңде сақта»

- **Мақсаты:есте сақтау қабілетін дамыту.**
- Психолог балаларға пішін бейнеленген карточканы ұсынып, мұқият қарап алуын сұрайды.Балалар оны есінде сақтап, содан соң суретін салады.

Ойын: «Бір сөзбен ата»

- **Мақсаты:ойлау қабілетін дамыту.**
- Психолог балаларға әртүрлі суреттері бар карточка ұсынады.Балалар әр қатарлағы заттарды бір сөзбен атауы қажет.

«Неге ұқсайды?»

- *Ойын ережесі:* жүргізуші нысанды атайды, балалар оған ұқсайтын заттарды атайды.
- *Ескерту:* Нысандардың ұқсастығы келесі белгілеріне қарай болуы мүмкін: белгісіне, міндетіне, ішкі және сыртқы жүйесіне, өткен және келер шаққа, дыбысына, иісіне, түсіне, көлеміне, пішініне, материалын. Әр түрлі ныандардыңда ұқсастығы болады. Ойынды таныстыру кезеңінде әр түрлі заттық суреттерді қолдануға болады. Жүргізуші ойынға қатысушыдан аталған заттардың неге өзара ұқсайды деп шешкенін сұрау.

Кірпінің тікенектері неге ұқсайды?
Балалар: Инеге, түйреуішке, шегеге. Қаламның білігіне және т.б.

Дидактикалық ойын: Ұқсасын тап.

Психолог қолына геометриялық пішінді ұстап тұрып:

- Осы бөлмеде мына пішінге ұқсас қандай заттар бар? (төртбұрыш)
- Терезе, есік, теледидар...
- Үш бұрышқа ұқсайтын үй шатыры, кубиктер, ұшақ...
- Домалақ доп бар, шар, күн...

Қорытынды: Психолог балалардан топқа не ұшып келгенін сұрайды.
Ол не алып келді?
Пішіннен не құрастырдық?
Белсенді қатысқан балаларды атап, мадақтайды.

Мектеп психологы: К.У.Айжарикова